

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 29 маусымдағы
№ 407 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты траты, житам баллады, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баллады асырап аула телек білдірген адамдарды есепке али қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020 № 167 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 89-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – Республикалық деректер банкі) – жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы, сондай-ақ жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді қамтитын деректер базасы;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі

қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

4) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы (бұдан әрі - ЭЦҚ).

3. Азаматтарды есепке алуды олардың тұрғылықты жері бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүргізеді.

Құжаттарды қараудың және бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қоюдың мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

2-тарау. Азаматтарды есепке алу тәртібі

4. Азаматтардың есебіне:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;

2) сот біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған ерлі-зайыптыларды;

3) сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдарды;

4) өзіне Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетілген адамдарды;

5) егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушыларды;

6) денсаулық жағдайына байланысты ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдарды. Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулар болған кезде, олардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

7) тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

8) дәстүрлі емес жыныстық бағдар ұстанатын адамдарды;

9) асырап алған кезде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар адамдарды, сондай-ақ осы тармақтың 14) тармақшасында көрсетілген адамдарды;

10) азаматтығы жоқ адамдарды;

11) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқықтарынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену

жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) еркек жынысты адамдарды;

12) асырап алған кезде асырап алынған баланы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдарды;

13) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдарды;

14) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және адамгершілікке, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылығы үшін соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдарды (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда);

15) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Кодекстің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен психологиялық даярлықтан өтпеген Қазақстан Республикасының азаматтарын (баланың жақын туыстарын қоспағанда) қоспағанда, кәмелетке толған адамдар қойылады.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – стандарт) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, балаларды асырап алғысы келетіні туралы өтініш (еркін нысанда) береді.

6. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

7. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады (өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс немесе мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

8. Көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

9. Көрсетілетін қызметті алушының және, егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) жеке басын куәландыратын, көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйге меншік құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, егер некеде тұрған болса, көрсетілетін қызметті алушының және жұбайының (зайыбының) соттылығының болуы не болмауы туралы анықтаманы, неке қию туралы куәлікті, "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған кезде балалардың туу туралы куәлігін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қызмет беруші қызмет көрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті портал арқылы қабылдаудан бас тартады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушылардың осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес бала асырап алуға үміткер болуға сәйкестігін тексереді.

Тексеру қорытындысы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде тұрғын үйге тексеру жүргізеді, көрсетілетін қызметті алушыдың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісін (бұдан әрі – акт) жасайды және акт жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың бала асырап алуға үміткер болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды дайындайды.

11. Көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші қорытындыға қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушыға порталға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында бала асырап алуға үміткер(лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны алғаны туралы хабарлама жібереді және оларды бала асырап алуға үміткер ретінде есепке қояды.

Оң қорытынды алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушылар Республикалық деректер банкінде қамтылған асырап алуға жататын жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратқа қол жеткізеді.

12. Көрсетілетін қызметті алушы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, орган қорытындыға қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға порталға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда сол сәттен бастап көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкерін хабардар етеді.

Бұл жағдайда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкер Қағидалардың осы тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды

14. Республикалық деректер банкінде жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдар туралы мәліметтерді есепке алуды тоқтатуға:

- 1) тұлғаның баланы отбасында тәрбиелеуге қабылдауы;
- 2) Республикалық деректер банкінде ол туралы мәліметтерді есепке алуды тоқтату туралы өтініш;
- 3) тұлғаға баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдау мүмкіндері берілген жағдалардың өзгеруі;
- 4) баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген тұлғаның қайтыс болуы негіз болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беріледі.

Мемлекеттік қызметті тікелей көрсеткен көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын,
жетім балаларды, ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды асырап алуға
тілек білдірген адамдарды
есепке алу қағидаларына
1-қосымша

"Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қала атқарушы органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Қызмет көрсету нысаны	Электрондық
5	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау үміткер(лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) қорытындысының дайындығы туралы хабарлама негізінде көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинеті" арқылы және сақталады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін

7	Жұмыс кестесі	<p>Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулігіне 24 сағат Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрліктің: www.edu.gov.kz интернет-ресурсында; 2) www.egov.kz порталында орналасқан.
8	Құжаттар тізбесі	<ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған немесе көрсетілетін қызметті алушының операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында бала асырап алуға тілек білдіру туралы анықтама; 2) жақын туыстарының бала асырап алуға жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі; 3) жиынтық табыстың мөлшері туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (жұмыс орнынан еңбек ақы, Кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түскен табыстары және некеде тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мен жұбайының (зайыбының) өзге де табыстары туралы анықтама); 4) көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрса жұбайының (зайыбының) "Адамның қорғаныс қоры оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын ауруы туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 692 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 12127 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес ауруының жоқтығын растайтын дерек туралы анықтама, сондай-ақ "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттау туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 15 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес наркологиялық және психиатриялық ем есепте тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі; 5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйін пайдалануға растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (тұрғын үйге меншік құқығы болмаған жағдайда); 6) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге міндеттендірген адамдардың психологиялық дайындықтан өткені туралы сертификаттың электрондық көшірмесі;
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының кәмелет жасқа толмауы; 2) көрсетілетін қызметті алушыны соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныуы; 3) соттың ерлі-зайыптылардың біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныуы; 4) соттың көрсетілетін қызметті алушыны ата-ана құқықтарынан айыруы немесе ата-ана құқықтарына шек қоюы; 5) көрсетілетін қызметті алушыны Қазақстан Республикасының заңдарында жүктелген міндеттерді орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетуге; 6) соттың бала асырап алушылардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жоюы; 7) көрсетілетін қызметті алушының ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін ауруының болуы; 8) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы; 9) көрсетілетін қызметті алушының дәстүрлі емес жыныстық бағдарды ұстануы; 10) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін жоюға негіз болмаған сотталғандығының болуы, сондай-ақ осы тармақтың 15) тармақшасында аталған адамдардың болуы; 11) көрсетілетін қызметті алушының азаматтығының болмауы; 12) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқықтарынан айырылуына байланысты бала асырап алушының 15 жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде тұрмаған (ерлі-зайыптының) болуы немесе жынысты көрсетілетін қызметті алушының өтініші; 13) көрсетілетін қызметті алушының баланы асырап алған кезде асырап алынған бала туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысының болмауы; 14) көрсетілетін қызметті алушының наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде емделуі; 15) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстарды орындауға саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе отырған жағдайы.

		<p>жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлімінің 1-тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда)</p> <p>16) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, "Неке (ерлі-зайыптылық) және қосымша неке" туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен психологиялық көмек көрсетілетін қызметті алушылар;</p> <p>17) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау.</p>
10	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда электрондық нысанда портал арқылы не қызметті алушының ұялы байланыс операторы ұсынған абоненттік нөмірін порталдың есептік жүйесі арқылы және қосқан жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының қолымен және қолымен қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі арқылы Бірыңғай байланыс орталығының "1414", 8 800 080 7777 телефоны арқылы алады</p>

Қазақстан Республика
азаматтары болып табы
Қазақстан Республика
аумағында тұрақты т
житам баллады
ата-аналарының
қамқорлығынсыз
қалған баллады асы
аула телек білдірген ад
есепке али қағидала
2-қосымша
Нысан

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеріп-қарау АҚТІСІ
1. Азаматтардың жалпы мінездемесі

Тегі

Аты

Әкесінің аты (бар болған жағдайда)

туған күні

азаматтығы

білімі

жұмыс орны _____, лауазымы

траты мекен-жайы

некеде _____ бастап

(тұрады, тұрмайды) (неке тіркелген кон)
бадан брынзы никеле _____ бастап _____ дейін
(и, жор)

тега

акты

әкесінің акты (бар болған жағдайда)

туған күні

азаматтығы

білімі

жұмыс орны _____, лауазымы

траты мекен-жайы _____ бастап
некеде _____

(тұрады, тұрмайды) (неке тіркелген кон)
бадан брынзы никеле _____ бастап _____ дейін
(и, жор)

балалары

(бар, жор)

тега

акты

әкесінің акты (бар болған жағдайда)

туған күні

кұқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен бөлек-бөлек)

бірге тұрады

(и, жор)

2. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларының сипаттамасы

жалпы ауданы _____ (ш.м.), тұрғылықты ауданы _____ (ш.м.)
тұрғын бөлмелердің саны

тіркелгендер

(тұрақты, уақытша)

тұрады

(тұрақты, уақытша)

оның ішінде _____ құқығымен

(меншік иесі, жалдаушы, қосымша жалдаушы)

үйдің,

пәтердің

тиесілілігі

(мемлекеттік, жеке)

тұрғын

үйдің

жайлылығы

(абаттандырылған, абаттандырылмаған, ішінара жайлы)

санитариялық-гигиеналық

жай-күйі

(жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)

тұрғын

үй

туралы

қосымша

мәліметтер

**3. Отбасы мүшелерінің және бірге траты азаматтардың сипаттамасы
отбасының бірге траты басқа мүшелері:**

тега

акты

әкесінің

акты

(бар

болған

жағдайда)

туған

күні

азаматтығы

жұмыс/оқу орны _____, лауазымы/мамандық _____, жылдық табысы _____

туыстық қатынастар

бірге траты басқа азаматтар:

тега

акты

әкесінің акты (бар болған жағдайда)

_____ туған _____ күні

_____ азаматтығы

_____ жұмыс/оқу орны _____, лауазымы/мамандық _____, жылдық табысы _____

_____ құқықтық _____ қатынастар

_____ (жалдаушы, қосымша жалдаушы құқығы, басқа (көрсету)

4. Биографиялық деректер

балалық шақта және жасөспірім кезеңдегі отбасы ахуалы _____

ата-анасымен қарым-қатынасы _____

аға-інілерімен, апа-сіңлі-қарындастарымен, басқа

туыстарымен

қарым-қатынасы _____

5. Отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынастар

отбасының брынзы ерлі-зайыптылық өмірінің сипаттамасы _____

отбасының қазіргі уақыттағы жағдайы _____

бала асырап алушылардың жеке қасиеттері _____

қызығушылығы, бос уақытын өткізуі

_____ дүниетанымы

_____ дінге

_____ бала тәрбиелеуге көзқарасы _____

_____ балалармен қарым-қатынас тәжірибесінің бар-жоғы _____

_____ жақын туыстарының бала асырап аула көзқарасы _____

6. Бала асырап аула себеп

7. Қорытынды

(баланы отбасына қабылдау үшін қажетті жағдайлар бар ма)

_____ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), тексеріс жүргізген тұлғаның
лауазымы

20__ жылғы "____" _____ (қолы)

"Таныстырылды":

_____ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), азаматтардың қолы

_____ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), азаматтардың қолы

аумағында тұрақты траты,
житам баллады,
ата-аналарының
қамқорлығынсыз
қалған баллады асырап
аула телек білдірген адамдарды
есепке али қағидаларына
3-қосымша
Нысан

(қорғаншылық немесе
қамқоршылық жөніндегі
функцияларды жүзеге асыратын
органның атауы)

**Бала асырап алуға үміткер (үміткерлер) болудың мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**
(астын сызу)

Тегі

аты

әкесінің аты (бар болған жағдайда)

туған күні

тегі

аты

әкесінің аты (бар болған жағдайда)

туған күні

мекен-жайы (тұратын мекен-жайы, индекс)

Отбасының сипаттамасы (құрамы, некенің ұзақтығы (қайта некеде болған кезде бұрынғы некеден балаларының бар-жоғы көрсетілсін), балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі, отбасы мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынас, жақын туыстардың бар-жоғы және олардың бала асырап алуға көзқарасы, бала асырап алуға үміткерлердің мінез-құлық ерекшеліктері); ерлі-зайыптылардың біреуі бала асырап алған кезде екіншісінің бала асырап алуға келісімінің бар екені көрсетілсін).

Білімі және кәсіби қызметі

Денсаулық жағдайының сипаттамасы (денсаулығының жалпы жай-күйі, бала асырап алуға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығы)

Материалдық жағдайы (мүлкі, жалақысының мөлшері, табыстардың өзге түрлері)

Бала асырап аула себеп

Азамат

(өтініш берушінің (берушілердің) Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) бала асырап аула үміткер (үміткерлер) болуының мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы қорытынды

_____ Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы

20__ жылғы "____" _____

М.О. _____ (қолы)

Қазақстан Республикасының
аумағында тұрақты тұратын,
жетім балаларды, ата-
аналарының қамқорлығынсыз
қалған балаларды асырап алуға

тілек білдірген адамдарды
есепке алу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

(Нұр-Сұлтан, Алматы және
Шымкент қалаларының,
аудандардың және облыстық
маңызы бар қалалардың
жергілікті атқарушы органы)

**Бала асырап алуға үміткер(лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны
алу туралы хабарлама**

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру нөмірі)

(көрсетілетін қызметті алушының туған
күні)

Бала асырап алуға үміткер болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы
қорытынды алу үшін

мекенжайы бойынша орналасқан (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент
қалаларының,
аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы
органдарының мекенжайы)

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және
облыстық
маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары) хабарласу қажет.
Жауапты тұлғаның ЭЦҚ расталған хабарламасы:

(жауапты тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы).